– *Школа – несомненно прекрасна, но больший отпечаток в памяти оставила встреча с опытными педагогами. Это была не просто формальная аудиенция, а целое откровение, поскольку опытные преподаватели буквально срывали пелену романтического восприятия профессии и заменили её чёткой, хотя и временами горьковатой, картиной реальности. Мне стало ясно, что частые ситуации неблагодарности, непонимания со стороны родителей, выгорание – это просто неотъемлемая часть профессии. Было много жизненных рассказов от педагогов, но при этом, в каждой storytelling чувствовалась искренняя любовь к своей работе, гордость за достижения своих учеников, убежденность в важности миссии педагога. Мне в душу запала фраза педагога с 30-летним стажем: «Вы не для того столько лет учились, чтоб вот так просто сдать. Вы нужны детям, вы нужны стране». Впоследствии, она и послужила основой к одному из моих инсайтов: «Истинное призвание педагога – это не просто передача знаний, а служение детям и стране, готовность преодолевать трудности и не сдаваться перед лицом вызовов, ведь именно от нашего упорства и преданности делу зависит будущее целого поколения». – Ольга Ф.*

Качественные данные, собранные с использованием диагностической методики Н. Холла, свидетельствуют об эффективности педагогического вмешательства компонентов ЭИ на формирование компетенций НПР. Результаты диагностики свидетельствуют: самомотивация имеет постоянную значимую связь с НПР-компетенциями и остальными показателями ЭИ. Данное утверждение подтверждается следующими данными: средний уровень самомотивации составляет 58,3%, высокий уровень соответственно – 29,2%. Высокую значимость имеет также показатель управление своими эмоциями, где высокий уровень идентичен высокому уровню самомотивации – 29,2%. Таким образом, можно заключить, что обучающиеся, определив личную цель достичь успехов в карьере посредством НПР, проявляют высокий уровень мотивации в совокупности с управлением своими эмоциями. Это прослеживается в стремлении будущего педагога к креативному решению педагогических задач, активному взаимодействию и поиску как внешних, так и внутренних ресурсов для НПР.

Заключение

Наше исследование позволило сформулировать **выводы**. Способности ЭИ позитивно влияют на НПР будущих педагогов в силу интеграции и взаимообусловленности когнитивного и эмоционального интеллекта. В этой связи мы прогнозируем, что педагог, обладающий развитым ЭИ, ориентирован как на академические достижения обучающихся, их эмоциональные и социальные компетенции, так и на решение педагогических задач посредством НПР. В конечном счете, качество образования с большей вероятностью обеспечивает эмоционально благополучный педагог, знающий свои сильные стороны, использующий внутренние

ресурсы, уверенный в себе и в своих обучающихся, обладающий внутренней целостностью.

Сформулируем **рекомендации по результатам исследования** для улучшения образовательного процесса посредством интеграции предметных, педагогических и НПР-компетенций, где роль интегратора выполняют ресурсы и механизмы ЭИ.

1. При отборе обучающих стратегий и учебных активностей преподавателю нужно руководствоваться позитивным мышлением, проектирующим возможные достижения обучающихся, трансформирующем лучшее педагогическое взаимодействие. На реализацию данной цели преподавателю следует использовать ресурсы критического и рефлексивного мышления.

2. В образовательном процессе с фокусом на НПР необходимо устанавливать причинно-следственные связи «развитие ЭИ - академические достижения студентов», добиваясь понимания обучающимися ресурсов и механизмов вмешательства ЭИ на успеваемость.

3. Само преподавание должно стимулировать открытые эмоциональные реакции и управляемую межличностную регуляцию эмоций студентов и преподавателя с целью «предотвращения выгорания и усталости от умственного срыва» [4].

4. Интеграции ЭИ в процесс обучения способствует ситуация успеха, т.к. «сообщения восхищения и поощрения являются движущей силой для учащихся, чтобы прилагать сознательные усилия для достижения успеха» [4]. Более того, положительные эмоции стимулируют когнитивные процессы.

5. При применении в преподавании стратегий обучения и саморазвития (НПР) важно организовать feedback и рефлекссию студентов относительно того, как протекали элементы ЭИ - самомотивация, самосознание, саморегуляция, самоконтроль, социальная осведомленность и управление отношениями в академической среде.

6. Учитывая объективные трудности обучающихся в овладении стратегиями НПР, следует культивировать непредвзятость, открытость и честность в академической среде (составляющие академической самостоятельности вуза) для анализа студентами и преподавателями эмоциональной составляющей преподавания - обучения - развития.

7. Целесообразно обучать самоуправлению в НПР одновременно с самоуправлением эмоциями в силу сходства механизмов влияния на личность обучающегося.

8. Рассматривая способности ЭИ как background НПР-компетенций, важно проецировать развитие лидерства будущих педагогов, основанного на эмоциональной состоятельности в преодолении профессиональных дефицитов, управлении классом, разнообразной коммуникации.

Наше промежуточное исследование не исчерпывает всей полноты ресурсов и механизмов ЭИ как средства улучшения образовательной практики. Перспективы исследования могут быть связаны с воздействием ЭИ на качество дистанционного обучения, расширяющегося под влиянием цифровой трансформации сложного общества.

Литература:

1. Naraidoo S., Doargajudhur M., Nosanoo Z., Zaung N. (2024). Navigating the pedagogical innovation and digital transformation landscape in the education 5.0 era. Teaching and assessment in the are of education 5.0. pages 1-23. 17 July 2024. DOI 10.4018/979-8-3693-3045-6.ch001
2. Наймушина Л.М. История становления понятия «эмоциональный интеллект» в психологической науке. Педагогика: история, перспективы. 2020. Том 3. № 4. С. 63-70

<https://cyberleninka.ru/article/n/istoriya-stanovleniya-ponyatiya-emotsionalnyy-intellekt-v-psiologicheskoy-nauke/viewer>

3. Turner K., Stough C. (2020). Pre-service teachers and emotional intelligence: a scoping review. Australian educational researcher. Vol. 47. Issue 2. Pages 283-305. DOI 10.1007/s13384-019-00352-0
4. Smith I., Kamm B. (2024) Emotional Intelligence Training. Creative Education. Vol. 15. Issue 5. Pages 958-973. Doi 10.4236/ce.2024.155058.
5. Wang Y., Pan L (2024). Immersive virtual reality in education: impact on the emotional intelligence of university students. Educations and information technologies. DOI 10.1007/s10639-024-13013-2
6. Vuichard, A., Capron Puozzo I. (2024). When creativity wakes up emotions: an illustration of a creative course for pre-service teacher training. Discov Educ 3, 214 (2024). DOI 10.1007/s44217-024-00314-4. [https://link.springer.com/article/10.1007/s44217-024-00314-4](https://link.springer.com/article/10.1007/s44217-024-00314-4?utm_source=getftr&utm_medium=getftr&utm_campaign=getftr_pilot&getftr_integrator=scopus)
7. Baizhumanova B., Mustapaeva T., Alekeshova L., Otambaeva Zh. (2024). Personal growth of social educators in the age of information technology. International Journal of evaluation and research in education. Vol. 13. Issue. 14. DOI: <http://doi.org/10.11591/ijere.v13i4.27902>. <https://ijere.iaescore.com/index.php/IJERE/article/view/27902>
8. Soboleva E. V., Bykova S. S., Levkina E. V., Patrikeeva E. G. (2024). Developing emotional intelligence of future choreography teachers in the practice of creating multimedia stories. Perspektivy nauki i obrazovania. Vol. 69. Issue 3. Pages 225-240. DOI 10.32744/pse.2024.3.14
9. Dombrovskis V., Guseva S., Capulis S., Korniseva A. (2024). Intervention in teaching as a means for developing emotional intelligence and positive thinking in 1st-year students in teacher education programmes. Environment and social psychology. Vol. 9. Issue 9. DOI 10.59429/esp.v9i9.2790. <https://esp.as-pub.com/index.php/esp/article/view/2790>
10. Chocano O., Garsia-Martinez I., Perez-Navio E., Quijano-Lopez R. (2024). Internal emotional factors as stress protection strategies in future teachers. Revista complutense de education. Vol. 35. Issue 1. Pages 81-91. DOI 10.5209/rced.82623. <https://revistas.ucm.es/index.php/RCED/article/view/82623>
11. Mingwei L., Run Ch., Feifei L. (2024). Teachers' emotional intelligence and job satisfaction: The mediating roles of expression of naturally felt emotion and perceived teacher-student closeness. Psychology in the schools. Vol. 61. Issue 12. Pages 4792-4808. DOI 10.1002/pits.23307
12. Chen H., Zhang S., Xu J., Du R., Tang S. (2024). Effect of the Teacher-student Relationships on Feedback Literacy of High School Students in Tibetan areas of China: Mediating Effect of Emotional Intelligence and Moderating Effect of Ethnicity Category. Asia-pacific education researcher. Vol. 33. Issue 2. Pages 419-429. DOI 10.1007/s40299-023-00739-9
13. Bastian A., Widodo W. (2024). Evoking teacher's professional commitment: Exploring interpersonal communication in transmitting emotional intelligence and psychological capital. Cogent education. Vol. 11. Issue 1. DOI 10.1080/2331186X.2024.2418786
14. Manolis A., Aspasia D. (2024). An examination of trait emotional intelligence in pre-service physical education teachers. Journal of physical education and sport. Vol. 24. Issue 9. Pages 1108-1115 DOI 10.7752/jpes.2021.01007
15. Тайболатов К.М., Постоялко М.Н., Нурлыбаева А.А., Турсунова А.К. (2024). Мектеп білім алушыларының кәсіби бағдарлануындағы эмоционалды интеллектінің рөлі. «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – No1. – Б. 63-70 <https://doi.org/10.59941/2960-0642-2024-1-63-70>
16. Мурзалинова А.Ж., Макатова Ж.А., Алпысбаева М.Б., Уалиева Н.Т. (2024). Profit-ресурс как инструмент организации и контента непрерывного профессионального развития будущих педагогов. Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Педагогические науки». – 2024. - № 2. – С. 139-159
17. Messina-Albarenque C., de Andres-Viloria C., de Pablo-Gonzalez G., Benito-Ambrona T. (2024). Emotional education: A critical review of the voices against its implementation in schools. Environment and social psychology. Vol. 9. Issue 3. DOI 10.54517/esp.v9i3.1920
18. Mazilov V.A., Kostigin A.A. (2022). The personality of the future teacher: a review of foreign studies. Russian psychological journal. Vol. 19. Issue 2. Pages 89-105. DOI 10.21702/rpj.2022.2.7
19. Tleubay S.T., Zhaiynchiyeva Z.B., Yessimkylova S.S., Oralkanova Z.A., Akparova Z.M., Nurpeissova A., Kerimbekov T. (2023). The emotional intelligence development of future English language teachers. International Journal of innovative research and scientific studies. Vol. 6. Ussue 3. Pages 667-681. DOI 10.53894/ijirss.v6i3.1742

20. Palomera R., Fernandez-Berrocal P., Brackett M.A. (2008). Emotional intelligence as a basic competency in pre-service teacher training: Some evidence. *Electronic journal of research in educational psychology*. Vol. 6. Issue 15. Pages 437-454
21. Котомина О. В. (2017). Исследование взаимосвязи эмоционального интеллекта и академической успеваемости студентов университета. *Образование и наука*. 2017. Т. 19, № 10. С. 91–105. DOI: 10.17853/1994- 5639-2017-10-91-105
22. Голубева Е.К., Дубицкая Е.К. (2022). Развитие эмоционального интеллекта у студентов в процессе обучения в педагогическом вузе. Сборник научных трудов «Общение в эпоху конвергенции технологий». 2022. DOI: 10.24412/cl-36917-2022-391-394
23. Кудашкина О.В., Кечина М.А. (2023). Изучение и развитие эмоционального интеллекта студентов-психологов. Проблемы современного педагогического образования. 2023. № 81-4 <https://cyberleninka.ru/article/n/izuchenie-i-razvitie-emotsionalnogo-intellekta-studentov-psihologov>
24. Ильин Е.И. Эмоции и чувства. – СПб.: Питер, 2001. – 752 с.
25. Cainz-Gomez M., Bermejo R., Ruiz-Melero M. (2024). Emotional Knowledge in a Sample of University Students. *Sustainability (Switzerland)*. Vol. 16. Issue 2. DOI 10.3390/su16020846
26. Цапина О.В. (2015). Исследование позитивности образа мира и образа «Я» у современных студентов. *Вестник Московского городского педагогического университета*. - 2015. - №1 (31). - С. 33
27. Ларионова Л.И., Петров В.Г., Горельшева Д.Ю. (2020). Взаимосвязь общего и эмоционального интеллектов с показателями психологического благополучия студентов. *Психология. Историко-критические обзоры и современные исследования*. - 2020. - Т. 9. - № 2А. - С. 21-31
28. Montalvo Garcia A., Avila Vila S., Longo F. (2024). Online collaborative work model from a socio-emotional perspective. *Revista Iberoamericana de Education a Distancia (RIED)*. Vol. 27. Issue 2. DOI 10.5944/ried.27.2.39115

References:

1. Naraidoo S., Doargajudhur M., Nosanoo Z., Zaung N. (2024). Navigating the pedagogical innovation and digital transformation landscape in the education 5.0 era. *Teaching and assessment in the are of education 5.0*. pages 1-23. 17 July 2024. DOI 10.4018/979-8-3693-3045-6.ch001
2. Najmushina L.M. Istoriya stanovleniya ponyatiya «emocional'nyj intellekt» v psihologicheskoy nauke. *Pedagogika: istoriya, perspektivy*. 2020. Tom 3. № 4. S. 63-70 <https://cyberleninka.ru/article/n/istoriya-stanovleniya-ponyatiya-emotsionalnyy-intellekt-v-psihologicheskoy-nauke/viewer>
3. Turner K., Stough C. (2020). Pre-service teachers and emotional intelligence: a scoping review. *Australian educational researcher*. Vol. 47. Issue 2. Pages 283-305. DOI 10.1007/s13384-019-00352-0
4. Smith I., Kamm B. (2024) Emotional Intelligence Training. *Creative Education*. Vol. 15. Issue 5. Pages 958-973. Doi 10.4236/ce.2024.155058.
5. Wang Y., Pan L (2024). Immersive virtual reality in education: impact on the emotional intelligence of university students. *Educations and information technologies*. DOI 10.1007/s10639-024-13013-2
6. Vuichard, A., Capron Puozzo I. (2024). When creativity wakes up emotions: an illustration of a creative course for pre-service teacher training. *Discov Educ* 3, 214 (2024). DOI 10.1007/s44217-024-00314-4. [https://link.springer.com/article/10.1007/s44217-024-00314-4](https://link.springer.com/article/10.1007/s44217-024-00314-4?utm_source=getftr&utm_medium=getftr&utm_campaign=getftr_pilot&getftr_integrator=scopus)
7. Baizhumanova B., Mustapaeva T., Alekeshova L., Otambaeva Zh. (2024). Personal growth of social educators in the age of information technology. *International Journal of evaluation and research in education*. Vol. 13. Issue. 14. DOI: <http://doi.org/10.11591/ijere.v13i4.27902>. <https://ijere.iaescore.com/index.php/IJERE/article/view/27902>
8. Soboleva E.V., Bykova S.S., Levkina E.V., Patrikeeva E.G. (2024). Developing emotional intelligence of future choreography teachers in the practice of creating multimedia stories. *Perspektivy nauki i obrazovania*. Vol. 69. Issue 3. Pages 225-240. DOI 10.32744/pse.2024.3.14
9. Dombrovskis V., Guseva S., Capulis S., Korniseva A. (2024). Intervention in teaching as a means for developing emotional intelligence and positive thinking in 1st-year students in teacher education programmes. *Environment and social psychology*. Vol. 9. Issue 9. DOI 10.59429/esp.v9i9.2790. <https://esp.as-pub.com/index.php/esp/article/view/2790>
10. Chocano O., Garsia-Martinez I., Perez-Navio E., Quijano-Lopez R. (2024). Internal emotional factors as stress protection strategies in future teachers. *Revista complutense de education*. Vol. 35. Issue 1. Pages 81-91. DOI 10.5209/rced.82623. <https://revistas.ucm.es/index.php/RCED/article/view/82623>

11. Mingwei L., Run Ch., Feifei L. (2024). Teachers' emotional intelligence and job satisfaction: The mediating roles of expression of naturally felt emotion and perceived teacher-student closeness. *Psychology in the schools*. Vol. 61. Issue 12. Pages 4792-4808. DOI 10.1002/pits.23307
12. Chen H., Zhang S., Xu J., Du R., Tang S. (2024). Effect of the Teacher-student Relationships on Feedback Literacy of High School Students in Tibetan areas of China: Mediating Effect of Emotional Intelligence and Moderating Effect of Ethnicity Category. *Asia-pacific education researcher*. Vol. 33. Issue 2. Pages 419-429. DOI 10.1007/s40299-023-00739-9
13. Bastian A., Widodo W. (2024). Evoking teacher's professional commitment: Exploring interpersonal communication in transmitting emotional intelligence and psychological capital. *Cogent education*. Vol. 11. Issue 1. DOI 10.1080/2331186X.2024.2418786
14. Manolis A., Aspasia D. (2024). An examination of trait emotional intelligence in pre-service physical education teachers. *Journal of physical education and sport*. Vol. 24. Issue 9. Pages 1108-1115 DOI 10.7752/jpes.2021.01007
15. Tajbolatov K.M., Postoyalko M.N., Nurlybaeva A.A., Tursunova A.K. (2024). Mektep bilim alushylarynyň kәsibi bardarlanuynyndary emocionaldy intellektiniň rәli. «Bilim» ғылыми-pedagogikalyk zhurnaly. – Astana: Y. Altynsarin atyndary Ұлттық bilim akademiyasy, 2024. – No1. – B. 63-70 <https://doi.org/10.59941/2960-0642-2024-1-63-70>
16. Murzalinova A.Zh., Makatova Zh.A., Alpysbaeva M.B., Ualieva N.T. (2024). Profit-resurs kak instrument organizatsii i kontenta nepreryvnogo professional'nogo razvitiya budushchih pedagogov. *Izvestiya KazUMOiMYA im. Abylay hana. Seriya «Pedagogicheskie nauki»*. – 2024. – № 2. – S. 139-159
17. Messina-Albarenque C., de Andres-Viloria C., de Pablo-Gonzalez G., Benito-Ambrona T. (2024). Emotional education: A critical review of the voices against its implementation in schools. *Environment and social psychology*. Vol. 9. Issue 3. DOI 10.54517/esp.v9i3.1920
18. Mazilov V.A., Kostygin A.A. (2022). The personality of the future teacher: a review of foreign studies. *Russian psychological journal*. Vol. 19. Issue 2. Pages 89-105. DOI 10.21702/rpj.2022.2.7
19. Tleubay S.T., Zhaunychiyeva Z.B., Yessimkylova S.S., Oralkanova Z.A., Akparova Z.M., Nurpeissova A., Kerimbekov T. (2023). The emotional intelligence development of future English language teachers. *International Journal of innovative research and scientific studies*. Vol. 6. Issue 3. Pages 667-681. DOI 10.53894/ijirss.v6i3.1742
20. Palomera R., Fernandez-Berrocal P., Brackett M.A. (2008). Emotional intelligence as a basic competency in pre-service teacher training: Some evidence. *Electronic journal of research in educational psychology*. Vol. 6. Issue 15. Pages 437-454
21. Kotomina O.V. (2017). Issledovanie vzaimosvyazi emocional'nogo intellekta i akademicheskoy uspevaemosti studentov universiteta. *Obrazovanie i nauka*. 2017. T. 19, № 10. S. 91–105. DOI: 10.17853/1994- 5639-2017-10-91-105
22. Golubeva E.K., Dubickaya E.K. (2022). Razvitie emocional'nogo intellekta u studentov v processe obucheniya v pedagogicheskom vuze. *Sbornik nauchnykh trudov «Obshchenie v epohu konvergentsii tekhnologii»*. 2022. DOI: 10.24412/cl-36917-2022-391-394
23. Kudashkina O.V., Kechina M.A. (2023). Izuchenie i razvitie emocional'nogo intellekta studentov-psihologov. *Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya*. 2023. № 81-4 <https://cyberleninka.ru/article/n/izuchenie-i-razvitie-emotsionalnogo-intellekta-studentov-psihologov>
24. Il'in E.I. *Emocii i chuvstva*. – SPb.: Piter, 2001. – 752 s.
25. Sainz-Gomez M., Bermejo R., Ruiz-Melero M. (2024). Emotional Knowledge in a Sample of University Students. *Sustainability (Switzerland)*. Vol. 16. Issue 2. DOI 10.3390/su16020846
26. Caplina O. V. (2015). Issledovanie pozitivnosti obraza mira i obraza «YA» u sovremennykh studentov. *Vestnik Moskovskogo gorodskogo pedagogicheskogo universiteta*. - 2015. - №1 (31). - S. 33
27. Larionova L.I., Petrov V.G., Gorelysheva D.YU. (2020). Vzaimosvyaz' obshchego i emocional'nogo intellektov s pokazatelyami psihologicheskogo blagopoluchiya studentov. *Psihologiya. Istoriko-kriticheskie obzory i sovremennye issledovaniya*. - 2020. - T. 9. - № 2A. - S. 21-31
28. Montalvo Garcia A., Avila Vila S., Longo F. (2024). Online collaborative work model from a socio-emotional perspective. *Revista Iberoamericana de Educacion a Distancia (RIED)*. Vol. 27. Issue 2. DOI 10.5944/ried.27.2.39115

Information about the authors:

Murzalinova A.Zh. – doctor of pedagogical sciences, professor of the Department of pedagogy and psychology, Kozybayev University, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: azhmurzalinova@ku.edu.kz;

Ualiyeva N.T. – PhD, associate professor of the department of «Theory and methods of primary education», Kozybayev University, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: ntyalieva@ku.edu.kz;

Chemodanova G.I. – corresponding author, Candidate of Pedagogical Sciences, associate professor of pedagog, associate professor of the Department of Pedagogical and Psychology, Kozybayev University, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: galina_chem@mail.ru;

Kabdirova A.A. – master's degree, deputy director of the branch of JSC “NCPD “Orleu” IPD for North Kazakhstan region”, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: a.kabdirova@mail.ru;

Ainymova A.N. – Magistr of Pedagogy, senior lecturer of the Department of Pedagogy and Psychology, Kozybayev University, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: aitymova_aigul@mail.ru.

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР /
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ / SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

DOI 10.54596/2958-0048-2025-2-129-141

ӘОЖ 94(574)

ҒТАМА 03.29.00

**ХІХ-ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ПЕТРОПАВЛ ТҰРҒЫНДАРЫ
ҚҰРАМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ**

Абуов Н.А.¹, Бекмурзина А.Н.^{2*}

¹*Петропавл қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ филиалы
Петропавл, Қазақстан*

^{2*}*«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ
Петропавл, Қазақстан*

**Хат-хабар үшін автор: assel-2009@list.ru*

Аңдатпа

Қазіргі заманғы ғылым урбанистика мәселелерін шешуге белсенді түрде көңіл бөліп, туындайтын мәселелердің тиісті шешу жолдарын іздеуде. Біртұтас кеңістікті қалыптастыру, атап айтқанда, бірыңғай қалалық кеңістіктің ұқсастығы, елдердің заңнамаларын стандарттау, қалалардың әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің шешімдері олардың аймақтық ерекшеліктерін жоймайды. Қазақстан бұл ілгерілеушілік қозғалыстан тыс қалған жоқ және тарихи урбанистиканы зерттеу отандық тарих ғылымының ең қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі болып табылады. Қаланың этнодемографиялық тарихы, мемлекеттік, өңірлік және жергілікті билік органдарының өзара іс-қимыл тәжірибесі, қазіргі кезеңдегі дамуы мен трансформациясы Қазақстан қалалары, соның ішінде шағын қалалар халқының құрылымын зерттеу қажеттілігін тудырады. Зерттеудің мақсаты – Петропавл қаласының мысалында тарихи ретроспективада Солтүстік Қазақстандағы этнодемографиялық процесстер, өйткені, онда қала халқының құрылымына әсер еткен барлық әлеуметтік-экономикалық процесстер жинақталған. Қолданылған тарихи әдістердің жиынтығы ХІХ ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейінгі қаланың әлеуметтік, этнодемографиялық дамуының спектрі мен динамикасын қарастыруға мүмкіндік берді. Әсіресе, өңір өлкетанушыларының пайдаланылған деректік материалдарын атап өту қажет.

Кілт сөздер: қала, Солтүстік Қазақстан, Петропавловск, этнодемографиялық үрдістер, көші-қон, қоныс аудару.

**ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ СОСТАВА НАСЕЛЕНИЯ ПЕТРОПАВЛОВСКА
В XIX - НАЧАЛЕ XX ВЕКА**

Абуов Н.А.¹, Бекмурзина А.Н.^{2*}

¹*Филиал Института истории и этнологии им. Ч. Валиханова в г. Петропавловске
Петропавловск, Казахстан*

^{2*}*НАО «Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева»
Петропавловск, Казахстан*

**Автор для корреспонденции: assel-2009@list.ru*

Аннотация

Современная наука все больше обращается к решению проблем урбанистики, занимаясь поиском их решений. Формирование единого пространства, в частности схожесть единого городского пространства, стандартизация законодательств стран, социально-экономических решений проблем городов, все же не отменяет их региональные особенности. Казахстан не является в этом поступательном движении исключением и исследование исторической урбанистики является одним из наиболее динамично развивающихся направлений отечественной исторической науки. Этнодемографическая

история города, опыт взаимодействия государственных, региональных и местных органов власти, развитие и трансформация на современном этапе, вызывают необходимость изучения структуры населения казахстанских городов, в том числе и малых. Целью исследования являются этнодемографические процессы в Северном Казахстане в исторической ретроспективе на примере города Петропавловск, где были с аккумулированы все социально-экономические процессы, влиявшие на структуру населения города. Совокупность методов использованных исторических методов позволила рассмотреть спектр и динамику социального, этнодемографического развития города на протяжении XIX до начала XX века, особо нужно отметить использованный источниковый материал краеведов региона.

Ключевые слова: город, Северный Казахстан, Петропавловск, этнодемографические процессы, миграция, переселение.

HISTORY OF THE FORMATION OF THE POPULATION OF PETROPAVLOVSK IN THE XIX - EARLY XX CENTURIES

Abuov N.A.¹, Bekmurzina A.N.^{2*}

¹*Branch of the Institute of History and Ethnology named after Ch. Valikhanov
in Petropavlovsk, Petropavlovsk, Kazakhstan*

^{2*}*Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan*

**Corresponding author: assel-2009@list.ru*

Abstract

Modern science increasingly turns to addressing the problems of urban studies, engaging in the search for their solutions. The formation of a unified space, in particular the similarity of a unified urban space, the standardization of national legislations, and socio-economic solutions to urban problems, still does not negate their regional specificities. Kazakhstan is no exception in this progressive movement, and the study of historical urban studies is one of the most dynamically developing areas of national historical science. The ethno-demographic history of the city, the experience of interaction between state, regional, and local authorities, development and transformation at the present stage, necessitate the study of the population structure of Kazakhstani cities, including small towns. The aim of the research is the ethno-demographic processes in Northern Kazakhstan in historical retrospect, using the city of Petropavl as an example, where all the socio-economic processes that influenced the city's population structure were accumulated. The combination of historical methods used allowed us to examine the spectrum and dynamics of the city's social and ethno-demographic development from the XIX to the beginning of the XX century, the source material used by local historians of the region is particularly noteworthy.

Key words: city, Northern Kazakhstan, Petropavl, ethno-demographic processes, migration, resettlement.

Кіріспе

Провинциалық қалалар, әсіресе шекаралас аймақта орналасқандар, әрқашан өзіндік ұлттық бояуымен, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігімен ерекшеленіп, Қазақстанның тарихи тағдырында маңызды рөл атқарды. Тарихи ретроспективадағы қалалық елді мекендер көптеген өнеркәсіп салалары мен адам өмірінің маңызды орталықтары болды, революцияға дейінгі кезеңде олар елдің бүкіл аймақтарының дамуының маңызды әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешті. Алайда, әлемдегі қазіргі заманғы жаһандық өзгерістер, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық құрылымның қайта құрылуы, басымдықтардың өзгеруі болашақта дағдарысқа әкелуі мүмкін. Жалпы әлемдік және аймақтық үрдіс ретінде демографиялық проблемалардың шиеленісуі ерекше алаңдаушылық тудырады. Петропавл қаласы және Солтүстік Қазақстандағы шағын қалалар үшін халықтың табиғи өсуінің төмендеуі тән, бұл халықтың көші-қон мәселесімен тәкелей байланысты.

XIX-XX ғасырдың басындағы Петропавл қаласының тарихын зерттеу қаланың шаруашылық өмірі мен халқының құрамы қалай өзгергенін, бұл өзгерістер қандай факторлардың әсерінен болғанын, олардың қала мен оның төңірегіндегі халқы үшін қандай маңызы болғанын көрсетуге мүмкіндік береді. Солтүстік Қазақстанның уездік қалаларының бірі ретінде Петропавл қаласының дамуында оның әлеуметтік-экономикалық дамуының ортақ белгілері мен ерекшеліктерін анықтаудың да маңызы зор. Бұл оның тарихын егжей-тегжейлі қадағалауға және белгілі-бір дәрежеде қорытындылаушы еңбектер жазу үшін негіз дайындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Петропавл қаласының дамуындағы этнодемографиялық процесстерді зерттеуде урбанистикада қолданылатын тарихи әдістердің жиынтығы пайдаланылды. Зерттеу әдіснамасының негізіне жалпы ғылыми принциптер, ең алдымен, тарихилық принципі қолданылды. Сонымен қатар, зерттеуде нақты-тарихи әдістер, атап айтқанда, ретроспективалық, проблемалық-хронологиялық, хронологиялық-сипаттамалық, салыстырмалы-тарихи әдістер, сондай-ақ пәнаралық әдістер, мәселен статистикалық және қарастырылып отырған материалды өзектендіру және қорыту әдістері қолданылды. Осы әдістердің жиынтығы зерттелінген кезеңдегі қаланың әлеуметтік, этнодемографиялық дамуының спектрі мен динамикасын қарастыруға мүмкіндік берді.

Жалпыресейлік және сібірлік құжаттардың ауқымды деректік материалы талданды және пайдаланылды. Оларға халық санағының материалдары, анықтамалық-статистикалық және географиялық басылымдар жатады: Петропавл тарихы туралы маңызды ақпаратты «Обзоры Акмолинской области» жылдар бойынша ашып көрсетеді. Олар «Халық және тұрмыс деңгейі», «Ғылым және білім», «Денсаулық сақтау», «Дін», «Өнеркәсіп», «Ауыл шаруашылығы» және тағы басқа көптеген фактілерге байланысты мәселелердің кең спектрін қамтиды. 1864 жылғы «Памятная книжка для Тобольской губернии» да осындай сипатта.

Жалпы алғанда, сипатталған дереккөздер санаты қала тұрғындарының әлеуметтік-демографиялық құрылымы туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Солтүстік Қазақстандағы және Петропавлдағы этнодемографиялық үрдістерді талдауда жеке шығу тегі бар дереккөздер маңызды рөл атқарды, олар: саяхат жазбалары, естеліктер, жол күнделіктері. Өлкетанушы М.А. Морозовтың «Петропавловск в дореволюционных литературных источниках. Очерки» атты еңбегінде жеке шығу тегі бар дереккөздердің жеткілікті үлкен спектрі жинақталған, онда XVIII ғасырдың соңынан 1916 жылға дейінгі қызықты маңызды ақпарат бар [1]. Бұл еңбекте халықтың демографиясы, олардың тұрмысы туралы мәліметтер пайдаланылды.

Мақала жазу барысында Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінде (СҚМА) өлкетанушы М.И. Бенюхтың № Ф.158. жеке қорынан пайдаланылған қызықты фактілер мен мәліметтер зерттелді. Ол Петропавл қаласының тарихы бойынша материалдарды жинау мен сақтауға зор үлес қосты, оның қоры әлі күнге дейін Солтүстік Қазақстан мен Петропавл қаласының тарихы бойынша құнды дереккөз болып табылады. Петропавл қаласының дамуының этнодемографиялық мәселелері бойынша алынған ақпаратты талдау қала халқының тұрақты даму динамикасын, олардың әлеуметтік-экономикалық өмірінің құрылымы мен элементтерін көрсетеді.

Талқылау

XIX-XX ғасырдың басында Петропавл қаласының әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және мәдени дамуын зерттеу революцияға дейінгі кезеңде басталған. Осы уақытта Петропавл туралы ақпаратты қамтыған көптеген жол көрсеткіштері жарық көрді. Бұл жарияланымдарда қала халқының саны, сауда мен өнеркәсіптің дамуы,

әлеуметтік және мәдени саланың жағдайы туралы жекелеген мәліметтер қамтылды. Бұл еңбектерді И.И. Завалишин, И.П. Фальк, М.А. Леонов, П.А. Словцов, Ф.Н. Усов, А.П. Семенов, М. Красовский сияқты зерттеушілер жазған. Алайда, сауда дамуының динамикасын және көпестер санының өсуін талдауды тек М. Красовскийдің 3 бөлімнен тұратын еңбегінің 2-ші бөлімінде ғана кездестіруге болады [2].

Өлкетанушы М.А. Морозовтың «Петропавловск в дореволюционных литературных источниках. Очерки» атты еңбегін талдау және ондағы XIX ғасырдағы Петропавл қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы әртүрлі ақпараттың оны әуесқойлар – медиктер, кәсіпкерлер, шенеуніктер тарапынан жазылғанын көрсетеді.

XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы кеңестік тарихнамада XIX-XX ғасырдың басындағы Петропавл қаласының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері бойынша тарихы іс жүзінде зерттелмеді. Тек 50-жылдары қаланың 200 жылдық мерейтойына орай Петропавл педагогикалық институтының оқытушысы А.И. Семенов мұрағат материалдары негізінде қаланың іргетасы қаланғаннан 1952 жылға дейінгі даму тарихын баяндайтын монография дайындады [3]. Алайда, кітап 2010 жылға дейін жарық көрмеді, оның машинамен басылған данасы тарихи-өлкетану мұражайында сақталды. Енді ғана бұл кітап оқырмандарға қолжетімді болды.

1960 жылдардың басына дейінгі кеңестік тарихнама XIX-XX ғасырлардағы Қазақстан қалаларының әлеуметтік және экономикалық дамуына байланысты мәселелерді зерттеуді басымды әрі іргелі зерттеу сұрақтарының қатарына қоймады. Сонымен қатар, бұл кезеңде қалалар тарихын зерттеу теміржол көлігінің тарихын [4], Қазақстан халқының көпұлтты құрамының қалыптасуын зерттеу арқылы жарықтандырылады [5]. XIX-XX ғасырлардың басындағы шаруалардың қоныс аударуына байланысты демография мәселелерін Н.В. Алексеенко, В.С. Черников және басқалары зерттей бастайды.

XX ғасырдың 80-жылдарында Қазақстан қалаларының тарихын белсенді зерттеу басталды, бұған «История городов Казахстана» атты тарихи еңбектер сериясының пайда болуы ықпал етті. 1985 жылы Петропавл қаласы туралы кітап жарық көрді [6]. Кітапта XIX ғасырдың басында елдің шығысындағы ірі сауда орталығына айналған Петропавлдың негізі қалануы мен даму тарихы, өнімнің Ресейге қосылуындағы рөлі баяндалады. Кең ауқымды деректанулық қорда азамат соғысы жылдарындағы Кеңес өкіметінің қалыптасу және даму кезеңдері, халық шаруашылығын қалпына келтіру және социалистік құрылыс кезеңі ашып көрсетілген. Кітап революцияға дейінгі кезеңдегі Петропавлдың әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау арқылы қала тарихын баяндайтынын және жұмысшылар мен шаруалардың қанаушыларға қарсы революциялық жағдайдың пісіп жетілуі мен таптық күресінің фактілеріне толы екенін атап өткен жөн.

1990 жылдардың басынан бастап Отандық тарихнама әдіснамалық тәсілдер өзгерді, Қазақстан тарихындағы қалалар тарихын және жалпы этно-демографиялық мәселелерді қамтитын мәселелер шеңбері айтарлықтай кеңейді. Шығыс Қазақстан қалаларының тарихын Ж.К. Қасымбаев белсенді зерттейді [7]. Этнодемографиялық, миграциялық үрдістер тарихын зерттеуге Н.Ә. Масановтың жетекшілігімен ғалымдар тобының «История Казахстана: народы и культуры» атты еңбегі маңызды үлес қосты, онда республиканың барлық аймақтары халқының тарихи ретроспективада қалыптасу ерекшеліктері баяндалады [8].

Қазіргі заманғы ресейлік Омбы мен Барнаул қалаларының зерттеуші тарихшылары зерттеу кезеңіндегі Азиялық Ресей қалаларының даму мәселелерін әзірлеуге және Қазақстан қалаларымен мәдениетаралық байланыстарды зерттеуге елеулі үлес қосты [9].

Атап айтқанда, А.П. Толочко XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Петропавлдың шаруашылық және әлеуметтік-мәдени даму тарихына қатысты бірқатар мәселелерді қарастырды. Т.К. Щеглованың еңбегінде капитализм кезеңіндегі Дала өлкесінің уездік қалаларының, соның ішінде Петропавлдың да шаруашылық дамуына жәрменке саудасының әсеріне елеулі орын берілген [10].

Соңғы 10-15 жылда Петропавл және Солтүстік Қазақстан облысының тарихы бойынша тарихи-өлкетанушылық әдебиеттер жаңа ғылыми-көпшілік басылымдармен толығуда. Өлкетанушылардың көптеген жарияланымдары мерзімді баспасөз беттерінде және интернет-сайттарында, Петропавл қаласы тарихының әртүрлі аспектілерін қамтитын мақалалар жинақтарында жарық көруде, мұның барлығы туған қала тарихына деген қызығушылықтың үздіксіз өсіп келе жатқандығын көрсетеді. Олардың арасында Қ. Мұқанов, В. Яворская, Т. Макарова, Т. Васильева, М.М. Мелехин және басқалардың еңбектерін жатқызуға болады.

Нәтижелер

XIX-XX ғасырдың басында Петропавл халқының саны мен мәртебесі бойынша шағын қалаға жатқызылды, оның этникалық құрамы мен халқының саны Петропавл бекінісінің салынуымен және кейіннен үлкен қалаға айналуымен байланысты тарихи үрдістерге тәуелді болды.

Петропавл халқының құрамы көпұлтты және ол әр түрлі тарихи процесстің нәтижесінде өзгеріп отырды. Оған ең алдымен шекаралас Ресей империясымен орналасуына және оның түрлі аймақтарынан келген көпестер мен саудагерлерді тартуына байланысты. Қала және Солтүстік Қазақстан өңірі ұлт-азаттық қозғалыстарына қатысушыларды жер аударатын географиялық орын ретінде, сондай-ақ жақын маңға қоныстанып, қала тұрғындарының санын толықтырған әртүрлі ұлттағы шаруалардың ерікті қоныс аудару мекені ретінде де пайдаланылды. Осылайша, қала халқының көпұлтты құрамы қаланың пайда болуы мен қалыптасуының тарихи жағдайларымен анықталды.

Қазақ халқы қаланың 1/4 бөлігін құрады. Аздаған топтарды украиндар, еврейлер, немістер, поляктар құрады [6, 48 б.]. Қала халқының басым көпшілігін орыстар құрады, олардан кейінгі екінші үлкен топты татарлар құрады (шамамен 1/3). Замандастары пікірінше: «Қазіргі уақытқа дейін жергілікті, далалық, Орта Азиялық саудадағы жетекші маңызын сақтай отырып, Петропавл қаласы халқының құрамы жартылай азиялық, жартылай мұсылмандық сипатта, халықтың 30%-ға дейінгі мұсылмандар: татарлар, бұқарлықтар, ташкенттіктер, қырғыздар, негізінен мал шаруашылығы өнімдерімен сауда жасайды» [11].

Атап өту керек, «Обзоры Акмолинской области» бәрі бірдей халықтың ұлттық құрамы туралы дәл ақпаратты қамтымайды. Мысалы, 1894 жылға дейінгі статистикалық есептер халықтың ұлттық тиесілігін мүлдем ескермеген, барлық «орыс емес» халықты «бөтендіктер» сословиесіне қосып, оның ішінде тек қырғыздар мен Орта Азиялықтарды ғана бөлген.

1894 жылдан кейін және оған дейінгі кезеңде қала халқының көп бөлігін славяндар (орыстар және 1910 жылдан бастап украиндар) құрады, олар сословиелік қатынаста казактар, шаруалар, дворяндар, шенеуніктер ретінде ұсынылды. Орыстар мен украиндар Петропавлға казактар мен шаруалардың қоныс аудару қозғалыстары барысында келді және ішінара қалада қоныстанды. «Украиндардың елеулі топтары қазақ даласының аумағында XIX-XX ғасырлар тоғысында Ресей империясынан шаруалардың жаппай қоныс аудару кезеңінде пайда болды. Қоныс аударушылар негізінен Полтава, Харьков, Таврия, Херсон, Екатеринослав және Киев губернияларынан келді» [12, 174-175 бб.].

Қала халқының үлкен тобын татарлар құрады, олар туралы М.А. Морозовтың кітабында Ц.А. Белиловскийдің «Медико-статистический и санитарный очерк города Петропавловска» атты дереккөзінде сипатталған [1, 52 б.]. Татарлар қала халқының саны бойынша екінші этнос болып табылады. 1760 жылы патша үкіметі Ертіс бойына қоныстануға рұқсат берді, бұл Петропавл бекінісінде татарлардың пайда болуына себеп болды. 1834 жылы 3923 тұрғынның ішінде татарлар 5%-ды құрады. XIX ғасырдың екінші жартысында Петропавлға Еуропалық Ресей мен Сібірден көптеген татар отбасылары қоныс аударған кезде татарлардың саны артты [6, 39 б.]. XIX ғасырдың соңында қалада татар кварталдарының, мешіттердің, медреселер мен мектептердің дамыған желісі болды. Татарлар ұсақ қолөнермен, тері илеу кәсібімен, халықтың шұғыл тұрмыстық қажеттіліктерін қамтамасыз етумен айналысты, бірақ негізгі кәсібі сауда болды. Петропавлда олардың қоныстану орнын тандауына екі жағдай қолайлы болды: біріншісі – жергілікті халықпен қарым-қатынаста тілдік проблемалардың болмауы, екіншісі – Ислам дінінің ортақтығы. Хусаиновтар, Яушевтер, Абдрашитовтар және басқа да татар көпестері Қостанайда, Ақтөбеде, Ырғызда, Қарабұтақта май шайқау, сабын қайнату, мал сою орындарын, қоймалар мен сауда үйлерін ашты. Қазақстандағы татар кәсіпкерлігінің тарихына Бирушев, Муратов, Ақчуриндер, Тюменевтер, Шамсутдиновтар, Дәулеткелдеевтер, Табеев ағайындылары, Валит Янгүзаров есімдері енді [1]. Осылайша, Петропавлда қаланың барлық халқының үштен бір бөлігін татарлар құрады.

Қазақтар Петропавл қаласының іргетасының қалануында тұрса да, қала халқының құрамындағы үлес салмағы азырақ болды. Мысалы, 1834 жылы 3923 тұрғынның ішінде қазақтар небәрі 1%-ды құрады. XIX ғасырдың соңына қарай олардың саны көбейді, бірақ славяндардың қоныс аударуының барысында да олардың пайыздық өлшемі төмен күйінде қалды. 1886 жылы қалада тек шамамен мың жарым қазақ (жалпы 13985 тұрғынның ішінде) тұрды. Қоныс аудару қозғалысының жаппай сипаты Ақмола облысы халқының жалпы санындағы қазақтардың үлес салмағының төмендеуіне әкелді. 1882 жылдан 1915 жылға дейінгі кезеңде облыстың барлық уездерінде төмендеу байқалды [13, 15 б.]. Петропавлда қазақтардың саны уездерге қарағанда әрқашан аз болды, өйткені даланың таза ауасы мен шексіз кеңістігіне үйренген халыққа қалалық өмір салты жат болды.

Ц.А. Белиловский Петропавл этностарының негізгі кәсібін анықтай келе, қазақтар (қырғыздар) «басқалардың (татарлар, орыстар) қызметінде», көлік саласында, ұсақ саудамен айналысады деп жазады [1, 52 б.]. XX ғасырдың басында қазақтар тіпті теміржол шеберханаларының жұмысшылары арасында да болған. Олар Петропавлдағы ұлттық пролетариаттың алғашқы өкілдері еді. Қала тұрғындарының, соның ішінде қазақтардың санына эпидемиологиялық аурулар әсер етті. «Қазақтар шешек эпидемиясынан қатты зардап шекті – барлық науқастардың үштен біріне дейін қайтыс болды. Шешектен басқа, халықтың едәуір бөлігі сүзек, тырысқақ, мешел, дифтерия, оба ауруларынан зардап шекті» [13, 16 б.].

Қала халқының ішінде поляктар, еврейлер, немістер, армяндар, финдер, Орта Азиялықтар одан да аз бөлігін құрады. Мысалы, еврейлер Петропавлға Еуропалық Ресейден қоныс аударды. Дала өлкесінде тұру құқығын алу онай болмағандықтан, мұндағы еврейлердің саны бірте-бірте көбейді. Біреулері әскери қызметін аяқтағаннан кейін Қазақстанда қалса, екіншілері шаруа-қоныс аударушылар қатарында келді.

1827 жылы Ресей императоры I Николай еврейлер үшін әскери міндеттілік туралы жарлыққа (кантонистер) қол қойды, оған сәйкес жыл сайын патша армиясы әр мың еврей еркекке 12 жастан 25 жасқа дейінгі 10 рекрутпен толығы тиіс болды. Кәмелетке

толғандар әскери қызметке жіберілді, ал жасөспірімдер Ресей империясының шалғай аймақтарындағы кантонистік мектептерге «қызметке даярлану үшін» жіберілді. Осылайша, көптеген еврей жастары Петропавлға да келді, сондықтан да Ц.А. Белиловский петропавлдық еврейлер туралы «жер аударылғандар немесе отставкадағылар» деп жазуы кездейсоқ емес [1, 53 б.]. Өлкетанушы М.И. Бенюхтың жеке қорынан алынған Ресей империясының географиялық-статистикалық сөздігіне негізделген мәліметтер келесі сандарды көрсетеді: «1873 жылы олардың саны 109 адам болса, 1887 жылы олар 275 жанға жетті [14, 64 п.]. Петропавлдағы олардың негізгі қызметі ұсақ сауда, сондай-ақ ішімдік сататын орындар – кабактар ашу болды. Еврейлер арасында дәстүрлі түрде музыканттар, тігіншілер, етікшілер және басқа да шеберлер болған.

Поляктар Петропавлда XIX ғасырдың 30-жылдарында, патшалық Ресейден Қазақстан аумағына самодержавиенің саяси қарсыластары, азаттық үшін күрескерлер жер аударылған кезде пайда болды, олардың арасында поляктар едәуір бөлікте болды. Алайда, зерттеу кезеңіндегі Петропавлдағы олардың саны салыстырмалы түрде аз болды. Қалада жер аударылғандардың болуы 1860 және 1868 жылдары тіркелген. А.И. Семенов олардың мұнда бекініс пайда болған алғашқы жылдарында-ақ болғанын жазады. Мысалы, 1830–1831 және 1863 жылдардағы поляк көтерілістеріне қатысушылар 68 және 102 адам 1883 жылғы амнистияға дейін Петропавлда жер аударылуда болды, одан кейін тірі қалғандары Польшаға отанына оралды. А.И. Семенов сонымен қатар Ресейдегі революциялық қозғалыстың дамуымен Петропавлда жаңа жер аударылғандар, атап айтқанда, народниктер қатарынан пайда бола бастағанын атап өтеді [3, 55-56 бб.]. Неміс ұлтының өкілдері де қала тұрғындарының қатарында болды. Олардың алғашқылары шаруалардың ерікті қоныс аударуы барысында келді. Екінші немістер, австриялықтар, венгрлер I дүниежүзілік соғыс жылдарында майданда тұтқынға түскеннен кейін тылға жіберілуі нәтижесінде қала халқының санын белсенді түрде толықтыра бастады. Солтүстік Қазақстан өлкетанушысы М.М. Мелехин келесі мәліметтерді келтіреді: «1917 жылдың басында уездік Петропавлда 2200 тұтқын болды, олардың шамамен әр екіншісі неміс еді... Алғашқы әскери тұтқындар Петропавлға 1914 жылдың соңында келді. Олар концлагерьлерде, казармаларда тұрып, теміржолда, ет консервілеу зауытында жұмыс істеп, көшелерді төсеп, тұрғын үйлер мен қойма үйлерін салды» [15, 65 б.].

Финндер, мордвалар және армяндар Петропавлда тек Ішкі істер министрлігінің Орталық статистика комитеті 1910 жылы шығарған «Города России в 1910 г.» жинағында ғана аталады. Этникалық құрам, тіпті қала халқының жалпы саны да Петропавлдың өзіндегі адамдар үшін жасалған ішкі, күнделікті өмір мен жағдайларға тікелей байланысты болды. Тарихи ретроспективада Петропавл халқы әрине үнемі өсіп отырды. Тек екі уақыт аралығы ғана ерекшелік құрайды: 1860-1862 және 1912-1913 жылдар. Дереккөздерде Петропавл халқы санының қысқару себептері айтылмайды. Алайда, төменде қарастырылған осы кезеңдегі оқиғалар қала халқы санының өзгеруіне әсер етті:

1860-1862 жылдардағы бірінші демографиялық құлдыраудың бір факторы Петропавл қаласы халқының санының азаюына әкелген - ол өрттер болды. 1864 жылғы Тобыл губерниясының естелік кітапшасында былай деп жазылған: «1861 жылдың мамырында болған соңғы өрт басқаларынан әлдеқайда ауыр болды, 400-ге дейін үй жанып кетті және көбінесе қаланың кедей тұрғындары зардап шекті. Дегенмен, әрбір өрттен кейін Петропавлға үкімет пен қайырымдылық жасаушылар көмектесті, сондықтан белсенді және саудагер қала қайтадан салынып, өзіне келтірілген жараларды

тез ұмытады» [16, 80 б.]. 1863 жылдың мамырында Петропавлда 4 ірі өрт болды, олар 81 құрылысты жойып, қала тұрғындарын қатты қорқытты, сондықтан өрттің жалғасуы туралы қауесеттер «көптеген тұрғындарды, өрттен зардап шеккендерді де, зардап шекпегендерді де барлық мүлкімен қаладан кетуге мәжбүр етті, біреулері жақын мандағы ауылдарға, екіншілері қала маңындағы уақытша тұрақтарға кетті» [3, 71 б.].

Петропавл тұрғындары санының азаюының тағы бір себебі Сібір желілік казак әскерінің 1861 жылы Сібір казак әскері (СКӘ) болып қайта құрылуы болғанын атап өткен жөн. Осы уақыттан бастап казак әскерінің міндеттерінен шекараны күзету қажеттілігі алынып тасталды, бұл басқа жерлерге ауыстырылған қажетті әскери қызметшілердің санын қысқартуы мүмкін.

Халық саны динамикасындағы екінші құлдырау 1912 жылы, біздің ойымызша, 1910 және 1911 жылдардағы астықтың шықпауы, сондай-ақ шөпті жойып, қысқа шөп дайындауға мүмкіндік бермеген ыстық пен жаңбырлардың салдарынан малдың азықсыз қалуымен түсіндіріледі. Нәтижесінде шаруалар күзде малды арзан бағаға өткізді, бұл сауда мен өңдеу өнеркәсібінің дамуына ықпал етті, бірақ шаруа мен малшының қалтасына соққы болды. Бұл қалаға уақытша еңбек миграциясын тудырды [3, 71 б.]. Осылайша, 1912 жылы халық санының азаюы алдыңғы 2 жылда аштық пен азықсыздық салдарынан қалаға жұмыс іздеп келген ауыл тұрғындарының кетуімен, климаттық жағдайлардың нашарлауымен және қоныс аударушылардың отанына кетуінің артуымен байланысты болды.

Петропавлдағы этнодемографиялық процестерге саяси және экономикалық себептер әсер етті, бұл қаланың этникалық құрамы мен халқының санын өзгертті, әсіресе Ресей империясындағы капиталистік қатынастардың қарқынды дамуына байланысты белсенді түрде жүрді. Ресеймен шекаралас қалаларда 1897 жылғы халық санағы бойынша келесі әлеуметтік сословиелер болды – жеке және тұқым қуалайтын дворяндар, шенеуніктер, көпестер, мешанелер, шаруалар, төменгі әскери шендер, отставкадағы әскери шендер, солдаттар, казактар, жер аударылған қоныстанушылар, шетелдік азаматтар.

Петропавл қаласы халқының сословиелік құрамы туралы мәліметтер бізде тек 1860 жылдан бастап бар, бұған дейін халық санын сословиелік принцип бойынша есепке алу жүргізілмеген. Қаланың дамуында көпестер сословиесі маңызды рөл атқарды. Қалада саудамен казактар да, шаруалар да айналысқанымен, адамға сауда жүргізуге рұқсат беретін куәлік берілгеннен кейін ғана ол көпестер қатарына жатқызылды. Қала элитасы қатарына дворяндар, шенеуніктер, қалада ұсынылған барлық діндердің дін қызметкерлері және құрметті азаматтар жатқызылды.

Петропавлдағы көпестердің саны 1864 жылы көбейді, бұл 1859 жылдан 1863 жылға дейінгі көптеген аштық жылдарының салдарынан болды, бұл туралы Красовский атап өтті [2, 69 б.]. Осы жылдары негізгі табысынан айырылған ең дәулетті шаруалар саудамен қосымша айналысуға мәжбүр болды, өйткені бұл қол жетімді шаруашылық түрлерінің ішіндегі ең тиімдісі еді. Алайда бұл үрдіс тұрақты болған жоқ. 1898 жылдан бастап-ақ сауда кәсіпорындарының ірілену процестеріне байланысты көпестер санының қысқаруы байқалады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында теміржолдың пайда болуымен сауда одақтары мен шетелдік сауда фирмаларының өкілдіктері, қоймалар басты рөл атқара бастады, биржа мен банктер пайда болды, бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда сауда формаларының неғұрлым жоғары даму деңгейін көрсетеді. Мұның бәрі ұсақ саудагерлер санының азаюына және ірі кәсіпорындардың айналымының ұлғаюына әкелді. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен көпестер санының қысқаруы байқалады. «Обзор Акмолинской области за 1914 год» шолуында

